

Мұнай бағасын ырықтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 желтоқсандағы N 1416 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Тұрақты жұмысты қамтамасыз ету, бәсекелестікті дамыту және республиканың мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарына бірдей жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республиканың мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарына 1994 жылғы 20 желтоқсанныан бастап мұнайды /газ конденсатын/ мұнай өңдеу кәсіпорындарына еркін баға бойынша сатуға рұқсат етілсін.

2

Ескерту. 2-ші тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.09.26. N 1283 қаулысымен

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Энергия ресурстарын бағаны ырықтандыру және кейбір қызмет түрлерінің тарифтерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 наурыздағы N 288 қаулысының 1 және 2-тармақтары /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 15, 145-бап/;

"Оңқазмұнайгаз" өндірістік бірлестігі өндіретін мұнайдың бағасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 мамырдағы N 507 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 7 желтоқсандағы N 561 өкімі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің*

бірінші орынбасары